КОПИЯ-КӨШІРМЕ

ШЕШІМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
(қысқаша шешім)

2023 жылғы 28 желтоқсан №7119-23-00-2/15252 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Г.М.Баткалова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Астана суарнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Тұрлыбеков Нұрсұлтан Ғалымжанович
Жеке кәсіпкер Сапарбаева Лаззат Тургуновна
Жеке кәсіпкер Смагулов Серик Жылкыбаевич
Жеке кәсіпкер «Юпитер» атынан - Тузелбаев Эсеняз Коканбаевич

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-1 267-4 басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Астана суарнасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны жауапкерлер Тұрлыбеков Нұрсұлтан Ғалымжанович жеке кәсіпкерін, Сапарбаева Лаззат Тургуновна жеке кәсіпкерін, Смагулов Серик Жылкыбаевич жеке кәсіпкерін, Тузелбаев Эсеняз Коканбаевич «Юпитер» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы - қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Тұрлыбеков Нұрсұлтан Ғалымжанович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 28.12.2023
Заңды күшіне енген күні: 06.02.2024, судья Баткалова Г. М., 06.02.2024
7119-23-3-1/14931

Жеке кәсіпкер Тұрлыбеков Нұрсұлтан Ғалымжановичтен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Сапарбаева Лаззат Тургуновна мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Сапарбаева Лаззат Тургуновнадан мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Смагулов Серик Жылкыбаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Смагулов Серик Жылкыбаевичтен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жеке кәсіпкер «Юпитер» атынан - Тузелбаев Эсеняз Коканбаевич мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Юпитер» атынан - Тузелбаев Эсеняз Коканбаевичтен мемлекет кірісіне 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мөлшерінде мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін тараптар және прокурор АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын ескере отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде Астана қаласының мамандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, апелляциялық өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **Г.М.Баткалова**

Құжатқа қол қойылған: Баткалова Г. М., 28.12.2023

Заңды күшіне енген күні: 06.02.2024, судья Баткалова Г. М., 06.02.2024